

“Цифрлық дәуірде ақпарат қауіпсіздігі: Жастар рөлі”

Қазіргі дүниежүзін цифрлық технологиясыз елестету қиын. Әлем тізбегінде болу-заман талабы болғандықтан, қазіргі уақытта цифрландыру бүгінгі білім берудегі жаңа бағыт болып есептеледі. Сәйкесінше, технологиялардың даму қарқыны артқан сайын, ақпараттық қауіпсіздік мәселесі де өзектей түседі. Цифрлық дәуірдің белсенді қолданушылары-жастар болғандықтан, ерте жастан бастап, цифрлық сауаттылыққа үйреткен жөн. Күнделікті қажеттіліктерді әлеуметтік желілерден алып отырғандықтан, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қабілетін дамыту қажет. Сондықтан ақпараттық қауіпсіздік бойынша жастардың білім деңгейін арттыру – заман талабы. Ескіліктің көзін көрген адамдарға қарағанда, өскелең ұрпаққа виртуалды әлемге сіңісіп кету қиындық туғызбайтыны анық. Мүмкіндігі шексіз бұл әлем, болашақтың кілті іспеттес. Цифрлық әлемде желідегі қауіпсіздік бірінші орында тұрады. Жалпылама термині-“киберқауіпсіздік” деп аталады. Қысқаша айтсақ, мақсаты: бағдарламаларды сандық шабуылдардан қорғау.



ITpedia.

Әлем елдері киберқылмыстың алдын алу үшін көптеген тәсілдер қолданады. АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Аустралия, Қытай, Германия, Израиль, Эстония және т.б елдері оған мысал бола алады. Біздің елде де басқа мемлекеттер секілді киберқауіпсіздік саласында түрлі деңгейде көптеген іс-шаралар жүзеге асуда, соның ішінде науқандар, қауіпсіздік

сабақтары ұйымдастырылып, келіссөздер жүргізілуде. Осы бойынша, цифрландырудың жаңа форматына көшу туралы Қасым-Жомарт Тоқаев өз баяндамасын шығарған еді:

“ Он жылдан кейін әлемде өнімдер мен қызметтердің 70%-ы цифрлық платформалық модельдер негізінде құрылады. Мұндай жағдайда Қазақстан өзіне еуразиялық кеңістіктегі ең ірі цифрлық хабтардың біріне айналу стратегиялық міндетін қойды. ” -деп мәлімдеді.

Міндеттің біршама бөлігі жүзеге асып жатқанына көптеген бағдарламалар дәлел. Мысалы; eGov.kz порталы, яғни электронды үкімет. 2004 жылғы 10 қарашада электронды үкіметті енгізу туралы «Қазақстан

Республикасында қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Президент Жарлығымен бекітілді. Осылайша, сәтті шыққан, қолжетімді бұл бағдарлама қазіргі уақытқа дейін халыққа пайдасын тигізуде. Осы тәріздес порталдардың басты мақсаты – азаматтарға қызмет көрсетуде жеделдік таныту, уақытты үнемдеу. Заман осыны талап етсе, бізге тек бейімделу қалады. Тағы бір өзекті мәселе – интернеттегі алаяқтық. Жоғарыда тізбектелген біршама жағымды жақтарымен бірге әрбір дүниенің өзіндік қауіптері де болады.

Ең кеңінен таралған түрлері – фишинг, карталық алаяқтық, пирамидалық схемалар, қаржылық залал келтіру. Көрсеткішке сүйенсек, елімізде интернет-алаяқтық құрбандары 30-50 жас аралығындағы тұрғындар. Соның ішінде ер азаматтар kolesa.kz, olx.kz сынды интернет дүкен желілерінде алданса, ал әйел қауымы түрлі бюбти, киім-кешек онлайн дүкендерінің құрбаны болуда. Қазіргі таңда, интернет алаяқтықтың ауқымы кеңейе түсуде, одан бөлек алдаудың жаңа түрлері күннен-күнге көбеюде. Сол себепті, алаяқтықтың құрбаны болмас үшін, қарапайым ережелерді ұстанған жөн. Осы бойынша ақпараттық қауіпсіздік маманы Данияр Ермекұлы сақтану, алдын-алу шараларының тізіп өткен болатын.

“Нақтырақ айтсақ, үш нәрсені. Біріншісі – **банк карта нөмірін**, екіншісі – **картаның артындағы CVV кодты**, үшіншісі – **телефоныңызға келген SMS-кодты** ешкімге айтуға болмайды.” - дейді маман.

Қоңырау барысында, тұтқа артында алаяқ екенін сезсеңіз, телефонды қойып, банктің парақшасында жазылған ресми нөмірге қоңырау шалған жөн. Осы сынды, қарапайым қағидаларды білсек, цифрлы түрде қауіпсіз боламыз. Қарқынды даму үстіндегі виртуалды әлемге тосқауыл қоя алмаймыз, керісінше одан әрі дамытуды ойлаған жөн. Тек саналы түрде цифрлы сауатты болсақ жеткілікті.

Қорытындылай өтсек, жастардың киберқауіпсіздікке деген көзқарасы олардың болашағына ғана емес, бүкіл қоғамның тұрақтылығына да әсер етеді. Әрбір жас аса маңызды дағдыны игерсе, оны жетілдірсе, интернеттегі қауіп-қатерлерден қорғануды үйренсе болғаны. Өйткені цифрлық әлемнің мүмкіндіктері шексіз болғанымен, қауіп-қатерлері де аз емес. Нәтижесінде, пайдасын тигізіп, сенімді цифрлы қоғамды құруға өзінің бір үлесін қосады. Ақпараттық қауіпсіздікті сақтау – әрбіріміздің ортақ міндетіміз.

Ақжол Әлия Дәуренқызы